

ҒТАХР 17.01.45

### Ш.ҚҰДАЙБЕРДИЕВТІҢ «ЕҢЛІК-КЕБЕК» ПОЭМАСЫН ОҚИТУ

**Б. Д. Жұмақасева**

педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.,  
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: d.bereke2009@mail.ru

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі саласында көркем шығарманы жанрлық ерекшеліктеріне қарай оқыту мәселесінен арнайы еңбек жазылмағанымен, әдіскер-ғалымдарымыздың тарапынан бұл ішінара қарастырылып жүрген мәселе. Дегенмен әр шығарманың өзіндік ерекшелігі, оны оқытудың әдіс-тәсілдерін дұрыс сұрыптап, орынды қолдануды талап етеді. Көбіне шығарманың өзіндік болмысын зерделеу әдіскерге оқытуды неден бастап, талдау жұмыстарын қалай өрбітуге болатынын айқындайды. Мақалада Ш.Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» поэмасын оқыту әдістері қарастырылған, ол жалпы эпикалық текті оқыту әдіс-тәсілдерімен ұштастырылыла түсіндіріледі.

*Түйін сөздер:* поэма, жанр, трагедия, талдау, композиция, қайшылық, идея, әдіс-тәсіл

Поэма – эпикалық текке жататын өлеңмен жазылған көркем туынды. Қазақ әдебиетінде лирикалық жанрдан кейін прозаға ауысудың алтын көпірі сияқты біршама жақсы дамыған жанр десек қателеспейміз. ХІХ ғ. екінші жартысынан бері поэма жанры тақырып, түр жағынан дамып келеді. Бүгінде қазақ әдебиетінде сатиралық, сыни, ерлік романтикалық поэмалар молынан ұшырасады. Поэманың жанрлық генезисі жөнінен бұдан бұрын мақаламызда кеңірек тоқталған едік[1]. Ендігі кезекте поэма жанрын оқыту мәселесіне тоқталмақпыз.

Поэма жанрын оқытудың әдіс-тәсілдері мен жүйесі де біршама қалыптасқан. Дегенмен, шығарманың көркемдік қуатын, идеялық мазмұнын терең меңгертерде көп оқылықтарға жол беріліп жүр. Көп кемшілік шығарманың идеялық мәнін жете түсінбеуден немесе сол мәселеге жол сілтейтін оқушыларға ұсынылатын тапсырмалар жүйесін құра алмау, әдіс-тәсілдерді дұрыс қолдана алмаудан туындайды.

Әдеби шығарманы талдаудың жалпы тақырыптық мәселелеріне байланысты: оның сюжетін, композициясын, әдеби кейіпкерді, әдеби туындының идеялық-көркемдік қуатын танытуды мақсат еткен зерделі зерттеу еңбектері әдебиеттану ғылымында да, әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымында да молынан жарияланған (М.А.Рыбникова, В.В.Голубков, Г.А.Гуковский, Л.И.Тимофеев, Г.Л.Абрамович, Д.С.Лихачев, В.И. Сорокин, А.И.Ревякин, Н.И.Кудряшев, В.Г.Маранцман, Н.О. Корст, Н.А.Демидова, Г.И.Беленький, Т.Ф.Курдюмова, З.Я.Рез, Л.С.Айзерман сияқты т.б.) Әдебиетші, әдіскер-ғалымдардың еңбектерінде көркем шығарманы талдап танудың ғылыми-әдістемелік жүйесі жасалған.

Бұл мәселе қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі саласында да біршама қарастырылған. Жеке қаламгердің шығармаларын оқыту әдістемесінен жазылған еңбектерде де прозалық шығармаларды оқыту қамтылады. Атап айтар болсақ: Қ.Тасболатов М.Әуезов шығармашылығын оқыту мәселесінен әдістемелік ғылыми-зерттеу еңбегін жазды [2]. Ал Қ.Бітібаева М.Әуезов шығармашылығын оқыту әдістемесін практикалық жағынан жетілдіре түсті [3]. С.Қалиев Ғ.Мүсірепов шығармаларын оқыту жолдарын қарастырған [4]. С.Мұқанов шығармашылығын оқыту әдістемесінен жазылған әдіскер-ғалым Әдебиетті оқыту әдістемесінен жазылған бірқатар әдістемелік нұсқауларда эпикалық текке жататын шығармаларды оқыту мәселесі талданады. Бұл қатарда С.С.Қирабаевтың [5], Қ.Мырзағалиевтің [6], К.Елікбаевтың [7] құралдарын атауға болады.

Эпикалық шығармаларды оқытудың ұстанымдары әдеби тектің өзге түрлерін, соның ішінде поэма жанры да бар, оқытуда қолданатын оқу-әдістемелік жұмыстармен мазмұндас. Көркем шығарманың тақырыбы, идеясы, көркемдік әлемі, тарихи-әлеуметтік ұстанымдар қай жанрды талдағанда болсын ортақ мәселелер екені белгілі. Дегенмен, поэманың көлемі, сюжеттік, композициялық құрылымы, образдар жүйесі, тілдік ерекшеліктерін талдауда, оқу-танымдық жұмыстарда күрделілігін байқатады.

Шығарманың идеялық мазмұнын ғылыми тұрғыда талдап айқындауда жазушының эстетикалық талғамын, дүниетанымын, көзқарасын танып білудің мәні зор. Ол көбіне жазушылардың өмірінен мәлімет беру арқылы жүзеге асырылып жүр. Әйтсе де, тек қаламгер өмірбаянын түсіндіру арқылы

ғана қаламгердің дүниетанымын, оқырманына айтпақ ойын айқындауға болады деген ұшқары ой тумаса керек. Соған орай, мектептерде оқылатын шығармалардың идеялық, композициялық, жанрлық негізіне қарай жазушының өмір сүрген дәуірінің белгілі бір кезеңіне (қоғамдық көзқарасы) оқушылардың назарын аударып, ерекше мән беріліп оқытылуы керек.

Мәселен, 10 сыныпта Ш.Құдайбердіұлының шығармашылығынан оқытылатын «Еңлік-Кебек» поэмасында заман көрінісі, дәуір шындығы біршама кең айтылады. Автордың өзі мақсатты түрде кең қамтуды көздейді. Қаламгердің көзқарасын тану, ұстанымын бағдарлау да шығарманың ішкі бірліктерін зерделеу арқылы ғана жүзеге асырылатын оқу әрекеті болғандықтан, автор нұсқаған ізбен қарастырудың тиімділігі көп.

Автор поэманы прологтан баспайды. Алғашқы төрт шумақ оқырманға автордың айтпақ ойын тұспалдап, сыналап түседі:

Ақылдың кей іс жауы, кей іс досы,

Бұл екі істен болмайды өмір босы.

Досыңды жау, дұшпанды дос көрсетіп,

Көзді байлап нәпсінің қылғаны осы, – деген шумақтан алдағы болар істің қайшылығы байқалады.

Ал, келесі кезекте ақын бұған дейін жазылған «Қалқаман – Мамыр» поэмасына сілтеме жасайды да, оқиғаның өзін баяндауды алыстан толғап сөзді әріден қозғайды. 21 шумақ қазақтың тарихи шежіресі іспеттес. Қалмақ шапқыншылығы кезіндегі қазақ елінің тарихи жайынан басталып, жеке ру ішіндегі іс-әрекет, ру басыларының іс-қимылы, жерді бөлісе алмаған ел жуандарының өзара наразылығы сипатталады.

Ш.Құдайбердіұлының шығармашылығын зерделей келе М.Мағауин поэманың бұлай басталуына түсініктеме береді: «Шығарманың негізгі арқауы махаббат трагедиясы болғанымен, автор заман кейпін нақтылау, оқиғаның ескі күндерде өткенін, ендігі жерде ел арасында мұндай келеңсіз іс болмауға тиісін дәлелдей түсу үшін хикаяның өмірлік фонына айрықша мән береді, шағын көлемді тарихи ақпар жасап, Ақтабан шұбырынды күндерін, елдің қырғынға ұшырап, азып-тозуын сипаттай келе, қазақтардың қайтадан күш жиып, жауға қарсы аттанғанын, үлкен жеңістерге жеткенін айтады. Автор мақсаты – жоңғар соғысының шежіресін жасау емес, Еңлік – Кебек трагедиясына себеп болған қоғамдық, әлеуметтік жағдайларды айқындау» [8, 18] – дейді ғалым.

Поэмадағы автордың айтпақ ойын зерделеу үшін бірнеше мәселеге көңіл аударған дұрыс. Алдымен автор неліктен шығарманы тарихи кезеңді сипаттаудан бастаған деген сұраққа жауап іздеу маңызды. Ойрат одағы жойылғаннан кейін шығыс аймаққа көшкен қандай рулардың арасында тартыс басталды. Тартыстың себебін ақын қай тармақтарда көрсеткен деген мәселелер талқыланса, екі жастың махаббаты трагедиямен бітуінің де нақты себептері айқындала түседі.

Поэма мәтіні бойынша жүргізілетін жұмысты екіге бөліп қарастыруға болады:

1. мәтін мазмұнын меңгеру;

2. мәтінге талдау жасау.

Мәтіннің мазмұнын меңгертуде анықтама сұрақтармен жұмыс, мәтіннің идеялық мазмұнын айқындау бағытындағы топтық жұмыстарға арналған тапсырмалар, сөздікпен жұмыс, шығарма идеясын, авторлық ұстанымды айқындайтын шумақтардан немесе образ композициясын құрайтын бөліктерден мәнерлеп оқу сияқты түрлі жұмыстар да сабақ үдерісінде назардан тыс қалмағаны орынды.

Поэманың мазмұнын меңгертуде тиімді ықпал ететін тәсілдің бірі ортақ ұқсастықтары бар өзге шығармалармен салыстыра қарастыру.

Ш.Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» поэмасын «Қалқаман –Мамыр» поэмасымен салыстыру немесе әйел теңсіздігі тақырыбын көтерген басқа қаламгерлердің шығармасымен салыстыра қарастыру да шығарма сюжетіндегі айырмашылықтарды зерделетуге жағдай туғызады.

«Еңлік-Кебек» трагедиясы М.Әуезов шығармашылығына да өзек болғаны белгілі. «Еңлік–Кебек» пьесасының сюжеті Шәкәрім шығармасының сюжетінен алшақ кетпегенімен, қосалқы элементтердің кездесетінін аңғарту, пьесамен танысуды сыныптан тыс жұмыстарда ұйымдастыру да шығарма мазмұнын ауқымды талдауға мүмкіндік туғызады.

Мәселен, кейіпкерлердің образдарына қандай айырмашылық барын қарастыру да тиімді тәсіл. Насан Абыздың сипатталуында Ш. Құдайбердіұлы:

Темір масақ жабырлап тұр сылдырлап,  
Екі көзі бақсының тым бұлдырлап.  
Ындын қойып тыңдасаң сарнағанын,  
Сақтанбасаң алғандай ақылды ұрлап.

Мұңлы қоңыр дауысы шықса зарлап,  
Ықтиярсыз кетеді бой шымырлап.  
«А» дейді де тыңдайды анда-санда,  
Құлағына кеткендей жын сыбырлап.

Екі көзін қан жауып, өңі қашып,  
Сұп-сұр болып, алартып көзін ашып.  
Шүлдір-шүлдір сөйлесіп жыныменен,  
Өзін-өзі тоқтатты эзер басып, – автор бақсының образын жасайды. Ал. М.Әуезов ақылшы абыз бейнесі арқылы заманының данагөйі ретінде танытуды мақсат еткен.

Ал Кебек пен Еңлік образдарын ашуда автор мінездеуді ұтымды пайдаланады. Поэмадағы тың образ Еңлікке берілген. Еңлік теңін іздеген қайсар мінезді, ақылды да, пайымды қыз. Еңлік пен Кебектің диалогінде де кейіпкерлердің ішкі әлемі еркін ашылған.

Еңлік образынан қазақтың зерделі қызының ой-пайымы, іс-әрекеті көрінеді.

«Көрсекызар, лап бергіш әр елде көп,  
Атын атап не керек пәленше деп.  
Аз күндік әзіл іздеп жүргенім жоқ,  
Өнімсіз іс болмайды өмірге сеп...

Тасыр болса, талғамай тап берер деп,  
Түні бойы сынадым сізді абайлап» – деген шумақтар арқылы автор жас болса да, Еңліктің салмақты ой иесі екенін танытқысы келеді. Әрі қыздың жасап отырған қадамын кейіпкерінің әр сөзімен тиянақтап жеткізеді Сол арқылы оқырманың дұрыс түсінікке бағыттайды.

«Еңлік айтты: «Таң қалдым бұл сөзіңе,  
Ұқсамайды түндегі мінезіңе.  
Егерде біреу айтса ұнар ма едің,  
Талап қылма, талпынба деп өзіңе...

Рас, құдай жазбаса бітпес жұмыс,  
Сүйтсе де бізге міндет – талап пен іс.  
Әрекетсіз отырмақ дұрыс болса,

Неге берген аяқ-қол, тіл менен тіс» – деген шумақтар арқылы Еңліктің парасат, пайымынан өзге күрескерлік рухы да танылады. Еңліктің аузына «Қайтіп разы болайын берген уға?» деген сөздерді салу арқылы қазақ қоғамындағы қыздың татар дәмі, қарсылықсыз ішер уы қалың мал екенін де көрсетеді. Қалың мал арқылы қыз мойнына салынатын тағдыр тауқыметі, өмірінің соңына дейін ішетін зәрлі запыраңы дегенді ұқтырады.

Еңлік образын талдауда кейбір олқылықтарға жол беріліп жүр. Мәселен, интернет желіде ұсынылып жүрген сабақ жоспарлары мен жазба жұмыстарында Еңлік образын мінез-құлық жағынан талдау басым. «Эсселер жинағы» деп ұсынылған әдістемелік материалдарда «Ш.Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» поэмасындағы Еңліктің қазақ қызына тән кереғар мінезі талдап жазыңыз» деген тақырып кездеседі. Эссе тақырыбына қарағанда Еңлік образын тек қазақ қызының мінез-құлқына қатысты стереотипте ғана талдау көзделгенін аңғару қиын емес. Жалпы қазақ қызына тән қасиеттерді саралау керек болса, батырлық дастандардан, ауыз әдебиеті үлгілерінен, тарихи жырлардан т.т. батыр, рухты, күрескер, сонымен қатар, нәзік те сабырлы, парасатты, ибалы т.т. түрлі характерлерді табуға болатыны анық. Сондықтан қазақ қызының мінез-құлқын бір типте қарастырудың өзі кейіпкер болмысын жете түсінбеуден туындайтыны белгілі. Оның үстіне автордың жеткізгісі келген мұратын түсінбеуден туған тапсырма деуге болады.

Шығарма бойынша талданатын құрамды элементтер біршама. Жалпы шығармаларға нысан болатын талдау бағыттары ретінде мына мәселелерді атауға болады:

1. шығармадағы басты және қосалқы тақырыптарын анықтау;
2. шығармадағы күрделі сөздер мен сөз тіркестерін тауып, оларға түсіндірме сөздіктен анықтама жаздыру;
3. шығарманың образдар жүйесіне талдау. Образдарды дербес талдау, салыстыра талдау, топтай талдау түрлерін жүргізу;
4. шығарманың тілі бойынша жасалатын жұмыс түрлері (тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, көп мағыналы сөздерді, фразеологиялық сөз оралымдарын мәтінінен тауып жазып, оларға түсініктеме жасау);
5. шығарманың композициялық құрылымына талдау:
  - а) сюжеттік композиция;
  - ә) образ композициясымен жұмыс;
  - б) баяндау композициясымен жұмыс т.б.
6. Шығарма идеясын айқындау мақсатындағы жұмыс түрлері.

Эпикалық шығармалардың өзіндік ерекшелігінің бірі – композициясында дедік. Осы орайда сюжетті шығарманы композициясын айтып өткен орынды. Композиция тек пішінге ғана байланысты ұғым емес. Композиция мазмұнмен тікелей байланысты. Ол – әдеби шығарманың сыртқы түрінің симметриясы, сонымен қатар ішкі сырының да гармониясы.

Ал сюжет композициясы орта мектепте эпикалық шығармаларды оқыту барысында жиі талдау нысанына ілінеді. «Еңлік-Кебек» поэмасының сюжеттік желісіне талдау жасау топтық жұмыс түрінде де, дербес те ұйымдастырылатын жұмыс түрі.

Оқиғаның экспозициясы: матай мен тобықты арасындағы жағдай.

Оқиғаның басталуы: Кебектің Нысан абызға бал ашқызуы;

Оқиғаның байланысы: Кебектің аңға шығуы, Кебектің Еңліктің әкесінің үйіне тап болуы;

Оқиғаның дамуы: Еңлік пен Кебек арасындағы сөз байласу. Қара жартаста кездесуі

Оқиғаның шиеленісуі: Кебектің Еңлікті алып қашуы, сәбилі болулары.

Оқиғаның шарықтауы: рулар арасында дау. Бітімге келе алмаған топтардың екі жасты өлімге кесуі. Кеңгірбайдың қатал үкімі.

Оқиғаның шешімі: Еңлік пен Кебекті ат құйрығына байлап өлтіруі. Сәбилерінің тауда қалуы.

Сюжеттік композициядан тысқары берілген авторлық түйін арқылы да қаламгер оқырманға ой тастайды:

Қыз, қызық, батыр жазар кезім емес,

Жастарды қызықтырған сөзім емес

Әншейін әңгіме деп құлақ салма,

Құр ғана қызығы мен қызын алма.

Ғаділ, залым, шафқатлі, мейірімсіз,

Соларды айыра алмай қапы қалма!

Әдеби шығармада кейіпкер, оның өсу динамикасы, сюжеттік желі болмаса, тұтас құрылым – композиция болмайды. Сондықтан мұғалім мектеп қабырғасында көркем шығарманы оқып-үйрену барысында кейіпкерлерді әртүрлі жағдайларға байланысты өзге бейнелермен тығыз органикалық бірлікте, қарым-қатынаста қарастыруы қажет. Мұны өмірлік мәні бар құбылыстармен салыстыра танытуға, оған шәкірттердің өз пікірлерін білдіруіне назар аударуы керек.

Әдетте оқушы шығармадағы көркем ойды шындық түрінде ғана қабылдап, ондағы образдылық, типтілік, мазмұн мен форманың бірлігі секілді әдебиеттің теориялық астарларына назар аудару бермеуі мүмкін. Сол үшін мұғалім көркем мәтінмен жұмысты тереңдете отырып, оқушыларды әдеби-теориялық сауаттылыққа дағдыландыруы керек. Бұл көркем туындыны дәйекті түрде талдауға, білімді саналы меңгеруге үйретеді.

#### Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Baltabaeva N.Pabzabek B.Zhumakaeva B. Genre Constituting Factors and the Nature of Essay.//Social Sciences (Pakistan) -20167 –Vol.11. Iss.22. –P. 5445-5449.

- 2 Тасболатов Қ. М.О. Әуезовтің творчествосын орта мектепте оқыту. пед.ғыл.канд. ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация А., 1972 -300 б.
- 3 Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. (Мұғалімдерге арналған көмекші құрал) Алматы: Рауан, 1990. –200 б.
- 4 Қалиев С. Мектепте Ғ.Мүсірепов шығармаларын оқыту жолдары.- А. 1974.
- 5 Қирабаев С.Мектеп және қазақ әдебиеті (Мұғалімдерге арналған көмекші құрал. –Алматы: Мектеп, 1979. –90 б.
- 6 «Қазақ әдебиеті» оқулығына әдістемелік нұсқау 10-сыныпқа арналған / Қирабаев С., Мырзағалиев Қ. - Толық. 2-ші басылуы. – А., Рауан, 1998. -224 б.
- 7 Елікбаев Қ. Ж.Аймауытов шығармашылығын оқыту жолдары А., Республикалық баспа кабинеті, 1997.-96 б.
- 8 Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы, Жалын. 1988. -18 б.

#### TEACHING THE POEM “ENLIK-KEBEK” BY SHAKARIM KUDAYBERDIEV

***B.D. Zhumakaeva***

Cand. Sci. (Pedagogy), Associate Professor,  
Kazakh State Women's Teacher Training University,  
Kazakhstan, Almaty, email: d.bereke2009@mail.ru

Despite the fact that there is no specific work on the problem of teaching artistic genre in the field of teaching Kazakh literature, this is partially considered by our methodologists. However, the uniqueness of each piece requires that it will be properly sorted out and used properly. Studying the essence of the art often means that the methodologist learns from what to begin with and how to analyze it. In the article there are methods of teaching poems "Enlik-Kebek" by Shakarim Kudayberdyuly which is explained by the combined methods of teaching of general epic.

***Key words:*** poem, genre, tragedy, analysis, composition, contradiction, idea, method

#### ОБУЧЕНИЕ ПОЭМЫ «ЕНЛИК-КЕБЕК» ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДИЕВА

***Б.Д. Жумакаева***

к.п.н., и.о. профессора,  
Казахский государственный женский педагогический университет,  
Казахстан, г.Алматы, email: d.bereke2009@mail.ru

Несмотря на то, что не существует конкретной работы по проблеме преподавания художественного жанра в ходе изучения казахской литературы, это частично рассматривается нашими методистами. Однако уникальность каждого произведения требует его правильного подбора и использования. Изучение произведения часто означает, что методист извлекает уроки из того, с чего начинать и как анализировать его. В статье представлены методы преподавания поэмы «Енлик-Кебек» Шакарима Кудайбердиева, что объясняется комбинированными методами преподавания эпических жанров.

***Ключевые слова:*** поэма, жанр, трагедия, анализ, состав, противоречие, идея, метод